

«Keruen» scientific journal

M.O.Auezov Institute of Literature and Art

ISSN 2078-8134

Volume 2, Number 71 (2021)

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.2-02>

MPHTI 18.41.01

А.Ж.Қазтуғанова

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, музыкатану

бөлімінің меңгерушісі, ө.ғ.к.,

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: zhasaganbergen@mail.ru

ЖАҒАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАНЫҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ НАСИХАТТАЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада жаһандық дәуірдегі дәстүрлі музыканың сақталуы мен насихатталуы мәселелері қарастырылған. Қазіргі заман талабына сәйкес жаңа ұғымдар, ағымдар, стильдер мен жанрлар пайда болып, соның негізіндегі этно-фольклорлық топтар аталып өтіледі.

Дәстүрлі музыканың негізін құрайтын шығармалар сараланып, халық әні «Қаракөз» және халық күйі «Айда былпым» талдауға алынған. Зерттеудің мақсаты – тасада қалған шығармалардың бүгінгі күндегі құндылығын, маңызын айқындау арқылы, дәстүрлі музыканың жаһандық дәуірдегі сақталуы мен насихатталуын айқындау болып белгіленді.

Махаббат лирикасы көрініс тапқан «Қаракөз» халық әнінің үлкен сезімді, кең тынысты, кантиленалық әуезді, жоғарғы орындаушылық шеберлікті талап ететіндігі, дәстүрлі кәсіби композиторлардың туындыларына тән ауқымдылығы музыкалық талдау арқылы дәлелденген.

«Айда, былпым!» күйінің буындық құрылымы, әуендік және ырғақтық ерекшелігі сарапталып, орындаушылардың репертуарындағы орны, композиторлардың шығармаларындағы жалғастығы, білім үрдісінде пайдалануы туралы сауалдар дәйектелген.

Халықтық музыканың арнасында «ұлттық таным», «ұлттық тіл», «ұлттық діл», «ұлттық код» тасаланғанын көрсете, жаһандық дәуірдегі дәстүрлі музыканы жаңғырту арқылы «ұлттық кодты» сақтаймыз деп түйіндеген. **Түйінді сөздер:** күй, ән, дәстүр, күйші, жаңғыру, сақталу, насихаттау, жаһандану.

Кіріспе. Жаһандық үрдіс адамзаттың сыртқы құбылыстарымен қатар, ішкі рухани құндылықтарына әсерін айқын тигізді. Осы ретте, заман талабына сәйкес ұлттық сананың, дәстүрлі өнердің, тәлім-тәрбиенің өзгеріске ұшырап, жаңа сипатта дамып жатқандығы белгілі. Соның ішінде қазақтың дәстүрлі музыкасының сақталуы мен насихатталуында жаңашылдықтар көрінеді. Мәселен, қазақтың асыл мұрасы күй өнеріне келсек, күйдің дыбыс бояуы, яғни тембрі, екпіні, құрылымы, орындалуы және шығарылу ерекшелігі, бастапқы болмысынан ажырағаны аңғарылады.

Қазіргі заман музыка мәдениетінде жаңа ұғымдар, ағымдар, стильдер мен жанрлар пайда бола бастады. Оған дәлел ретінде қазақтың төл аспаптары – домбыра, қобыз, шаңқобыз, сазсырнай, жетіген, сыбызғы және т.б. бір-бірімен біріктіріп, немесе эстрадаға қосып, эксперимент жасау арқылы тәжірибеге енгендігін айтуға болады. Мұндай ансамбльдік

орындаушылық жастардың қызығушылығын арттырып, ұлттық аспаптардан құралған этнофольклорлық ұжымдардың көбейгендігін көрсетеді. Оның өзі жаһандық дәуірде екі бағытта дамыған. Яғни, тек фольклорлық аспаптардан тұратын «Адырна», «Сазген сазы», «Фараби», «Тұран», «Бабалар сазы», «ХасСак», «Көк түрік», «Серпер» сынды этнофольклорлық ансамбльдермен қатар, рок, поп, джаз ағымдарына ұлттық аспаптарды енгізген

«Роксонаки», «Үркер», «Ұлытау», «Белес», «The Magic of Nomads», «Алдаспан», «Jado», «Тиграхауд», топтары белсенді шығармашылық қызмет атқаруда. Мұндай синтездік құбылыстарды жеке орындаушылардың (Асылбек Еңбепов, Асқар Солтанғазин, Алматы Сайжан, Ақерке Тәжібаева және т.б.) және дуэт, трио, квартет, квинтеттердің («Керей», «Пай-пай», «Жан» «Art домбыра», «Асыл») шығармашылығынан көруге болады. Оның тіпті күрделі түрі Модерн-этно-джаз дуэт «ST Brothers» деген сияқты заманауи бағыттары пайда бола бастады.

Бұл ретте дәстүрлі музыканың сақталуы мен насихатталуы мәселесін – шығарма, орындаушы, композитор тарапынан қарастыруға болады. Белгіленген 3 тараптағы жеке зерттеудің өзі ауқымды ізденістерді талап етеді. Сондықтан, мақалада дәстүрлі музыканың негізін құрайтын шығармаларға қатысты мәселелермен шектелеміз (ішінара, халық әні «Қаракөз» және халық күйі «Айда былпым» талдауға алынады). Зерттеудің мақсаты – тасада қалған шығармалардың бүгінгі күндегі құндылығын, маңызын айқындау арқылы, дәстүрлі музыканың жаһандық дәуірдегі сақталуы мен насихатталуын айқындау.

Әдістер. «Жаһандық дәуірге» байланысты жазылған саяси, әлеуметтік, әдебиет және өнер саласындағы жарияланымдармен қатар, елбасының жолдаулары, ғылыми еңбектер назарға алынып, сыннан өткен әдістемелік қағидалары қолданылды. Атап айтатын болсақ, тарихи-теориялық және салыстырмалы-сараптау әдістері.

«Жаһандық үрдістер» туралы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр» [1] деген жолдарында жаһандық үрдістер арқылы жаңғыру міндеті жалғасатынын айқындайды.

«Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка» атты ғылыми зерттеуінде әлемдік жаңа кезеңнің қалыптасуында ҚР сыртқы саясаты мәселесін қарастырған Қ.К.Тоқаевтың «Напор и стремительность, с которой развивается глобализация, создают ситуацию, которая может показаться парадоксальной» [2, 11] деген пікірі мәдениет және өнер саласындағы жаңа бағыттардың оғаш тұстарына сәйкес айтылған.

Қазақтың музыкатану саласында «жаһандану» мәселесі термин ретінде қарастырылмағаныменен ғалымдар осы төңіректегі мәселелерді қозғап жаңашыл үрдістердің зерделенуін жүзеге асыруда. Бұл ретте, қазақтың музыкасын зерттеген отандық ғалымдар – А.В.Затаевич [3], А.Қ.Жұбанов [4], Б.Г.Ерзакович [5], С.Ә.Күзембай [6], Б.Аманов, А.И.Мұхамбетова [7], С.Ы.Өтеғалиева [8], А.Қ.Омарова [9], Р.Несіпбай [10] және т.б. еңбектері негізге алынды.

Алыс және жақын шетелде «жаһандану» мәселесі өткен ғасырда белең алғандықтан, диссертациялар жазылып, іргелі еңбектердің жарыққа шығарылғаны аңғарылды. Бұл ретте тарихи-этнографиялық бағыттағы музыка мәдениетін тұтас құбылыс ретінде, халық шығармашылығын қарастырған зерттеушілер А.Асафьев [11], И.Земцовский [12], И.Мацевский [13], В.Медушевский [14] және т.б. ізденістеріндегі әдістер пайдаланылды.

Нәтижесі. Жаһандық дәуірдегі дәстүрлі музыканың зерттеу барысында көнеден жеткен халық әндері мен күйлері талдау арқылы олардың дамуы мен насихатталу деңгейі анықталды. Нысан ретінде алынған халық әні «Қаракөзбен» халық күйі «Айда былпымның» орындаушылар репертуарындағы орны, оқу үдерісіне енгізілуі, композиторлық шығармашылықта қолданылуы пайымдалды.

Зерттеу. Жаһандық дәуірде дәстүрлі музыка концерттерде, фестивальдарда және бұқаралық ақпарат құралдарында насихатталуда¹. Араға біршама уақыт салғанымен өткен

ғасырдағы ескі репертуардың сахнадан түспей келе жатқандығы байқалады. Замана көшінің бір орынында тұрмайтындығын, үнемі тарих қатпарларында қалған жауһарларды жаңғыртумен түрленіп отыратындығын ескерер болсақ, халық мұрасының әлі де көпке таныла қоймаған, насихатталуы аз болып көмескіленіп қалған әндері мен күйлеріне де сұраныстың туындайтын уақыты келген сынды.

Қазіргі заманауи орындаушылардың репертуарына енген халық шығармашылығы жеке зерттеуді талап еткендіктен, бұл мақалада А.В.Затаевичтің еңбегінен бір-екі мысал келтіре кетеміз. Себебі, бұл үлгілер бүгінгі кезеңде өз жалғасын табуы тиіс. Бірақ, түрлі себептермен көлеңкеде қалған тұстарын қарастырып, жаңа тыныс алуға мүмкіндік тудырудың жолдарын зерттеуді негізге алып отырмыз.

Соның ішінде, кезінде А.Байтұрсынов орындаған «Қаракөз» (II) әнін келтіруге болады. Оны ең алғаш нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф анықтамасында А.Байтұрсыновтың нұсқасы қазақ халқында шоқтығы биік әндердің қатарында айтылғанын, оның ерекше музыкалық дарындылығын бағалай келе: «Байтұрсыновский вариант песни «Қаракөз» считается у казахов образцовым, и вообще в его редакции эта песня (сам А.Б. называет ее романсом) пользуется громадною популярностью. Научиться и спеть эту действительно трудную и сложную вокальную пьесу (а до сих пор научиться ей можно было только с голоса самого А.Б.) считается лучшим доказательством музыкальной одаренности» [3, 404 б.] – деген. Әннің бірнеше нұсқасы бар. А.Байтұрсынұлы орындаған нұсқа сәл ғана өзгешелікпен Жүсіпбек Елебековтің репертуарына еніп, бүгінде «Қазақтың 1000 әні» CD топтамасына кіргізілді.

Әннің музыкалық ерекшелігіндегі құрылымның кемелдігі, диапазонының кеңдігі, ырғақ-иірімдерінің күрделілігі, қайырмасының ауқымдылығы дәстүрлі кәсіби композиторлардың туындыларына, яғни Біржан-сал, Ақан-сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай т.б. әндеріне тән жасалған.

Шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған әннің екпіні ауыспалы 3/2 мен 3/4 кезектесіп келген. Әннің мәтіні төрт тармақты шумақ болғанымен, мәтін мен әуеннің асинхронды үйлесімділігінде үш әуендік жол арқылы жасалған. Асинхрондылық мәтіннің екінші мен үшінші жолдарына келген. Ладтық жүйесі өте бай, құбылмалы. Бірінші әуендік жол до дыбысынан басталып терция арақашықтығына тізбектеле түсіп, ре дыбысына қайтадан көтеріліп, ля-эолиялық ладтық бояуымен ерекшеленген. Екінші әуендік жол жоғарыдағы екінші октаваның ля дыбысынан басталады. Оның әуені толқынды желіспен реиониялық ладты негіздей төменгі ля дыбысына түседі. Үшінші әуендік жол ре-мажордың тұрақты дыбыстарымен тізбектеле көтеріліп, соль-иониялық ладқа ауытқиды. Әннің мәтіні

¹ Осы ретте жыл сайын ұйымдастырылатын «Астана-арқау» түркі халықтарының дәстүрлі музыка фестивалінің маңызы ерекше.

Фестивальдің он жылдық тәжірибесін артқа тастап, он бірінші жылына қадам жасаған кезде, оның үстіне Астананың 20-жылдығына орайластыру мақсатында жүзеге асырылған ұйымдастырушылардан көрермендер көптеген жаңашылдықты күтті.

11-буынды кара өлең құрылымында жазылған, өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының өзара үндестігі кара-өлең ұйқасымен жасалған:

Бүгінгі «Астана-арқау» орындаушылық құрамын талдау барысында төрт топты айқын көруге болады, яғни – аға буын орындаушылар, алтын көпір жалғастырушылар, жас толқын өнерпаздар және тамыры бір – түркі ел қонақтары – деп қарастыруға болады.

Ата-бабаларымыздың аманатын арқалаған аға буын орындаушылардан көпшілікке танымал Шәміл Әбілтаев, Абулхамит Райымбергенов, Рымхан Әділханұлы, Теміреш Кереев бастаған топты алтын көпір өкілдері – Рамазан Стамғазиев, Сәрсенғали Жүзбаев, Айгүл Қосанова, Абылғазы Ахмадиев, Құрмаш Ыбышев, өнер көрсетті.

Дәстүрлі орындаушылықты насихаттап жүрген жаңа есімдерден – Ақмарал Ноғайбаева, Бақытжан Дүйсенғазы, Тілеулес Құрманғалиев, Бауыржан Мұхаметбай, Әділхан Қуаңбаев болса, жас толқын қатарынан – Айтолқын Токтаған, Оспан Құлсымақ, Рүстем Нүркенов, Ақжусан Имамғазы, Еркебұлан Соңғыбаевтың қатарға қосылып жатқаны қуантты.

Осы орайда, туысқан халықтар – дотаршы Құрбан Паурвали Алиар (Иран, Урмия), ыршы Саламат Садықова (Қырғызстан), курайшы Азат Бикчурин (Ресей, Башқұртстан), Иванида Бугулова (Ресей, Саха), сырнайшы Ринат Валеев пен әнші Сарина Зайнутдинова (Ресей, Татарстан), Трокай Олена (Украина, Запарожье, Қарайым), таршы Сахиб Пашазаде мен гавалшы Камран Каримов (Әзірбайжан), Батыр Досымбетов (Өзбекстан), Динара Нуратдинова (Қарақалпақстан) елдерінен келген дәстүрлі музыка өкілдері өз өнерлерін танытты.

Шумақ мәтіні	11-буындық құрылысы	Ұйқ асы
Жете алмай жолда шаршап тұрған кезде	3+4+4	А
Бір ғана елес берші сәулем, көзге жеке жүзген	3+4+4	А
Аққуым айдын көлде	3+4+4	В
Көңілімде көлеңкем жоқ сенен өзге	3+4+4	А

Қайырмасы жеңіл, ойнақы интонациялармен сипатталған. Екінші октаваның ре дыбысынан басталған әуен жоғарыдағы соль дыбысына тізбектеле көтеріліп, квинталық арақашықтықпен ля дыбысына түседі. Осы интонациялық үзінді екінші рет қайталанып, үшінші әуендік жолы өзгешелеу – секстаға секірме арқылы берілген. Төртінші әуендік жол соль-иониялық ладтың тұрақты дыбыстары арқылы өрбіп, қайта соль дыбысына оралады. Әннің шарықтау шегі бөлімі «ой» деген одағаймен басталуы, наона арақашықтығына кенеттен секірменің берілуі және екінші октаваның ля дыбысын ұзақ созып тұруы мен қайталануы арқылы көрсетіледі. Биік нотадан төменгі ля дыбысына ақырындап түсу нәтижесі ля-эолиялық ладты көрсетеді. Қайырманың соңғы әуендік жолы до дыбысынан соль дыбысына тізбектеле көтеріліп, секста арақашықтығына секіріп, төменгі тетракордпен өріле түсіп, соль-иониялық ладтың негізгі дыбысымен аяқталады. Қайырма мәтінінің алғашқы төрт тармағы 7 буынды жыр үлгісінде берілсе, соңғы екі тармағы 11-буынды құрылымда жазылған. Бесінші тармақ одағайдың қосылуымен 12-буын болып тұр.

Ақсұнқарым,

жібегім

Жалғыз

сенде

тілегім

Сегіз

жылдай

сергелден

Қасірет

шегіп,

жүдедім

Ой,

сүмбіл,

шаш

сенсің

уайым,

беу,

жұбайым

Түскенде сен есіме не қылайын

687. Кара-көзі (Ш) ⁴⁰⁴
(Черкокаял) ⁴⁰³
Сообщил Ахмет Байтұрсынұлов.
Каракалпақского у.

Широко и массивно. $\text{♩} = 69$.

Свободно, горячо, но в широкой манере. $\text{♩} = 88$.

Успокаиваясь. Спокойно и мягко. $\text{♩} = 1$

Просто.

Как сначала.

Спокойно и мягко. *Вамедляя*.

А.Затаевич «1000 песен и кюев казахского народа» (1925)

Ән махаббат лирикасында мазмұндалғандықтан үлкен сезімді, кең тынысты, кантиленалық әуезді, жоғарғы орындаушылық шеберлікті талап етеді.

Осындай әннің қатарында, А.Байтұрсынұлы жеткізген «Айда, былпым!» күйін келтіруге болады.

Көрнекті этнограф, А.Затаевич күй туралы түсініктемесінде: «В буквальном переводе заглавие этой пьески «Айда былпым!» является понуканием идущей иноходью казахской лошади: «пошел! мягко-качающийся!». Сообразно с этим и весь күй исполняется в неизменно ровном, неторопливом темпе, характеризующем аллюр иноходца, своей классической трусцой легко побеждающего десятки и сотни верст необозримого степного пространства! И если у казахов, при отсутствии импульса к ритмической работе, благодаря кочевому образу жизни, отсутствуют и танцы, и вообще – однородный, в песнях, метр (что в особенности следует отметить в отношении Западного Казахстана), то явление такого ярко ритмического и, в то же время, столь повседневного для них характера, как езда рысцей или галопом, находят себе отзвук в инструментальных пьесах, подобных настоящей и ниже приводимой «Тепецкөк»...

Для характеристики казахских вкусов должен еще добавить, что многократно выступая с этой пьеской в концертах (в моем переложении для фортепиано), я убедился, что она особенно горячо принимается всеми вообще казахами, из какой бы отдаленной одна от другой области они не происходили, и в этом смысле заслуживает названия

«общекзахской», тогда как обыкновенно казахи любят и признают только напевы и мелодии своего рода, своего аула и волости, отрицательно и даже враждебно относясь к прочим.

Если исполнять приводимую запись октавой ниже, то получится подлинный строй домбры А.Б.Байтұрсынова, в кварту: ля большой и ре малой октавы» [3, 408 б.] – деген. А.Байтұрсынұлы орындауындағы бұл күй орта оқу орындарында жүргізілетін домбыра үйрену мектебінің жүйесіне енген. Күй барша қазақ жұршылығына кең тараған аса танымал туынды болғанына қарамастан, тек бір ғана А.Байтұрсынұлы жеткізген нұсқасы сақталған. Күйдің талдануы қазіргі заман талабына лайықталып, ре-соль бұрауына көшірілген үлгісінің негізінде жүргізілді.

Жүрдек екпінде жүретін күй буындық құрылымда жазылған. Туындыда тұрақты 2/4 өлшемі басынан аяғына дейін сақталған. Бас буыннан басталған күйдің әуені ре-ішегіндегі ми дыбысынан өрбиді. Ортаңғы буын ля-до тірегіне негізделіп, аппликатуралықинтонациялық жүйе бойынша тізбектелген. Ортаңғы буын әуені шарықтау шегінде кездесетін екінші октаваның ля дыбысына дейін барады. Бұл әуендік буынның тірегі ре-ре болып табылады. Орта буынның соңында фа-сиб тұрақталған каденциялық айналым кездесіп, бас буынға оралады. Осы орта буынның өзгерістермен қайталануы тағы бір рет жүргізіліп, буындық құрылымға тән бас буынның қайталануымен аяқталады. Күй басынан аяғына дейін қара қағыспен орындалады.

788. Айда! бл-пым! ⁴⁷²
(Верхом на иноходе)

471
Сообщил Ахмет Байтұрсынұнов.
Тусұнской вол.аул №5.

*) Умеренно скоро, очень ровно и ритмично. $\text{♩} = 96$.

Ярче.
mf

А.Затаевич «1000 песен и кюев казахского народа» (1925)

Ғасырлар кеңістігінен келген «Айда, былпым» күйі Ахмет Байтұрсынұлы жеткізген түрінде оқу бағдарламасына еніп кеткендіктен, оларды домбырашылардың «күй әліпбиі» десек те болады. Себебі, бұл туындылар домбырамен алғаш танысқан бүлдіршіндердің бірінші орындайтын күйіне айналды. Бұл шығармаларды өнерпаз балалардан бастап күй ақсақалдарына дейін біледі.

Екінші жағынан, олар жазба дәстүрдегі тұңғыш фортепианоға өңделген сарындардың бірі екендігін ескерсек, кәсіби композиторлық шығармашылықта қазақ күйлерінің басқа да аспаптарға лайықталуына жол салды.

Бірақ, мағлұматтық жағынан алғанда жеткізуші туралы ақпарат әлі күнге дейін беймәлім. Туындыларды Ахмет Байтұрсынұлының жеткізгендігін біреу білсе, біреу біле бермейді. Бұл дерек Кеңес одағы заманында солақай саясаттың салдарынан ашық айтылмай келсе, тәуелсіздікті алғаннан кейін мүлде ұмытылып кетті.

Қорытынды. Жаһандық дәуірдегі дәстүрлі музыканың сақталуы мен насихатталуы ауқымды тақырыптың бірі ретінде іргелі зерттеуді талап ететіндіктен, келешекте де бұл мәселе күн тәртібіне қойылуы тиіс. Отандық музыкатану саласында бұл мәселенің зерделенуі

мен қолға алынуы, ғылыми айналымға түсуі тарих беттеріне бүгінгі күннің көрінісі ретінде таңбалаңады. Сондықтан, заман талабымен туындаған жаңа ұғымдар, ағымдар, стильдер мен жанрлардың тарихи-теориялық тұрғыдан игерілуі ұлттық мұраның қайта жаңғыруына жол ашады. Жаңғырту тарапынан талдауға алынған дәстүрлі музыка туындылары жаңа форматта тыныс алып, орындаушылардың репертуарына еніп, халық арасында кең таралып, композиторлық шығармашылыққа арқау болып, ұлт музыкасының өзгеше сипатта өрбуіне мүмкіндік берді. Себебі, халықтық музыканың арнасында «ұлттық таным», «ұлттық тіл», «ұлттық діл», «ұлттық код» тасаланғанын көреміз. Осыған орай, Н.Назарбаевтың: «... жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» [1] – дегеніндей, жаһандық дәуірдегі дәстүрлі музыканы жаңғырту арқылы «ұлттық кодты» сақтаймыз.

Казтуганова А.Ж.

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,
заведующая отделом музыкального искусства, к.иск.,
Алматы, Казахстан
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru

Сохранение и популяризация традиционной музыки в эпоху глобализации

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы сохранения и популяризации традиционной музыки в условиях глобализации. Представлены этно-фольклорные группы, которые возникли в соответствии с современными требованиями, новыми концепциями, течениями, стилями и жанрами.

Для анализа, раскрывающего основополагающие принципы традиционной музыки, избраны народная песня «Карагоз» и народный кюй «Айда, былпым!». Целью исследования является определение факторов, необходимых для сохранения и «продвижения» традиционной музыки в эпоху глобализации, через определение ценности и значимости современных произведений.

Осуществленный музыкальный анализ песни подтвердил высокие качества ее эмоционально-психологического содержания, кантилены, необходимого для исполнения мастерства и в целом уровня, соответствующего критериям профессиональных композиторов устной традиции.

Анализ особенностей композиции, интонационного и ритмического языка кюя «Айда, былпым!» подтвердил особое значение данного произведения в репертуаре исполнителей, творчестве композиторов и образовательной сфере.

Общеизвестно, что народная музыка отражает «национальное мировоззрение», «национальный язык», «национальный менталитет» и «национальный код», в эпоху же глобализации в процессе модернизации традиционной музыки возможно сохранение «национального кода».

Ключевые слова: кюй, песня, традиция, кюйши, модернизация, сохранение, популяризация, глобализация.

Kaztuganova A.Zh.

M.O. Auezova Institute of Literature and Art,

Head of the Musical Art Department, Candidate of Art studies,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru

Preservation and popularization of traditional music in the era of globalization

Abstract. The article deals with the preservation and popularization of traditional music in the context of globalization. There are ethno-folklore groups that have emerged in accordance with modern requirements, new concepts, trends, styles and genres.

For the analysis, which reveals the fundamental principles of traditional music, the folk song “Karakoz” and the folk kyu “Aida, bylpym!” Were chosen. The purpose of the study is to determine the factors necessary for the preservation and "promotion" of traditional music in the era of globalization, through the determination of the value and significance of contemporary works.

The performed musical analysis of the song confirmed the high qualities of its emotional and psychological content, cantilena, necessary for the performance of skill and in general the level that meets the criteria of professional composers of oral tradition.

The analysis of the characteristics of the composition, intonation and rhythmic language of the kyuy “Ayda, bylpym!” Confirmed the special significance of this work in the repertoire of performers, the work of composers and the educational sphere.

It is well known that folk music reflects “national ideology”, “national language”, “national mentality” and “national code”; in the era of globalization, in the process of modernization of traditional music, it is possible to preserve the “national code”.

Keywords: kuy, song, tradition, kuysi, modernization, preservation, popularization, globalization.

Information about authors:

А.Ж.Қазтуғанова, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, музыкатану бөлімінің меңгерушісі, ө.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан. E-mail: zhasaganbergen@mail.ru. Scopus ID: 57210749637. ORCID ID: 0000-0003-1248-2759

ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев Н. (2017) Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 апреля 2017. Среда. – № 70(29051). [2] Токаев К.К. (2001) Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка. Автореф. дисс. ... д.полит.н. – ВАК РФ, 2001. 23.00.04.
- [3] Затаевич А. (2004) 1000 песен и кюйев казахского народа. – Дайк-Пресс, Казахстан, 2004. ISBN: 9965-699-97-X.
- [4] Жұбанов А. (1975) Ғасырлар пернесі. // Алматы: Жазушы, 1975. – 399 б.
- [5] Ермакович Б.Г. (1966) Қазақ халқының ән мәдениеті. – Алматы: Наука, 1966 – 402 б.
- [6] Кузембай С. (2017) Қазақ музыкасы: «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы. Монография. – Алматы, 2017. – 480 б.
- [7] Аманов Б., Мухамбетова А. (2002) Қазақтың дәстүрлі музыкасы және XX ғасыр. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2002. – 544 б.
- [8] Утеғалиева С. (2016) Звуковой мир музыки тюркских народов (на материале инструментальных традиций Центральной Азии). Автореф. дис. ... диск. 17.00.02. – 52 с.
- [9] Омарова А.Қ. (2017) Қазақ музыка тарихының бұрынғы беттері. – Алматы: «Издательство ЛЕМ» ЖШС, 2017. – 227 с.
- [10] Несипбай Р.Т. (2000) Кюй-тоқпе в системе традиционного мироотношения казахов (проблемы темы, формы и композиции). – Алматы: Наука, 2000. – 176 с.
- [11] Асафьев Б.В. (1982) XX ғасыр музыкасы туралы / Б.В. Асафьев. Л.: Музыка, 1982. – 199 б.
- [12] Земцовский И.И. (1978) Фольклор және композитор. – Л.; М.: Советский композитор, 1978. – 172 б.
- [13] Мацеевский И. В. (1993) Еуропа және Азия халықтарының дәстүрлі аспапты музыкасы: Зерттеушілер сериалы мен авпаптанушылар консолидациясы // Вопросы инструментоведения. Вып. 1. – 1993. – Б. 28-35. [14] Медушевский В. (1976) Музыканың көркемдік әсері мен заңдылықтары туралы. – М.: Музыка, 1976. – 253 б.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Назарбаев Н. (2017) Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 апреля, Среда. – 2017.– № 70(29051). [2] Токаев К.К. (2001) Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка. Автореф. дисс. ... д.полит.н. – ВАК РФ, 2001. 23.00.04.
- [3] Затаевич А. (2004) 1000 песен и кюйев казахского народа. – Дайк-Пресс, Казахстан, 2004 – 496 с.
- [4] Жубанов А. (1975) Струны столетий. Алматы: Жазушы, 1975. – 399 б.
- [5] Ерзакович Б.Г. (1966) Песенная культура казахского народа. – Алматы: Наука, 1966. – 402 б.
- [6] Кузембай С. (2017) Казахская музыка: национальная идея «Мәңгілік ел». Монография. – Алматы. – 480 с.
- [7] Аманов Б., Мухамбетова А. (2002) Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2002. – 544 б. [8] Утегалиева С. (2016) Звуковой мир музыки тюркских народов (на материале инструментальных традиций Центральной Азии). Автореф. дис. ... д.иск. 17.00.02. – 52 с.
- [9] Омарова А.Қ. (2017) Забытые страницы истории казахской музыки. – Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2017. – 227 с.
- [10] Несипбай Р.Т. (2000) Кюй-топке в системе традиционного мироотношения казахов (проблемы темы, формы и композиции). – Алматы: Наука, 2000. – 176 с.
- [11] Асафьев Б.В. (1982) О музыке XX века / Б.В. Асафьев. Л.: Музыка, 1982. – 199 с.
- [12] Земцовский И.И. (1978) Фольклор и композитор. Л.; М.: Советский композитор, 1978. – 172 с.
- [13] Мациевский И. В. (1993) Традиционная инструментальная музыка народов Европы и Азии: Перспективы исследовательского сериала и консолидация инструменталоведов // Вопросы инструментоведения. Вып. 1. – 1993. – С. 28-35. [14] Медушевский В. (1976) О закономерностях и средствах художественного воздействия музыки. – М.: Музыка. – 1976. – 253 с.

REFERENCES

- [1] Nazarbayev N.A. (2017). Looking to the future: the modernization of social consciousness // Egemen Qazaqstan. April 12, Sreda, No. 70 (29051).
- [2] Tokayev K.K. (2001) The foreign policy of the Republic of Kazakhstan in the period of the formation of a new world order. Author's abstract diss. ... d.polit.n. HAC RF 23.00.04.
- [3] Zataevich A. (2004) 1000 songs and kyuis of the Kazakh people. Dayk-Press, Kazakhstan. ISBN: 9965-699-97-X.
- [4] Zhubanov A. (1975) The strings of the centuries. Almaty: Zhazushy. p. 399.
- [5] Yerzakovich B. (1966) The song culture of the Kazakh nation. Almaty: The Science. p. 402.
- [6] Kuzembai S. (2017) Kazakh music: The national problem of "Mangilik Yel". Monograph. Almaty: Gylym ordasy. p. 480. [7] Amanov B., Mukhambetova A. (2002) Kazakh traditional music and the XX century. Almaty: Daik-Press. p. 544.
- [8] Utegalieva S. (2016) The sound world of the Turkic peoples (on the material of instrumental traditions of Central Asia). Autoabstract from the dissertation for a doctor of art criticism degree. M.: 17.00.02.
- [9] Omarova A. K. (2017) Forgotten pages of the history of Kazakh music. Almaty: "LEM Publishing house" LLP. 227 p.
- [10] Nesipbay R. T. (2000) Kui-tokpe in the system of traditional world relations of Kazakhs (problems of theme, form and composition). Almaty: Nauka. 176 p.
- [11] Asafyev B. (1982) On music of the XX century / B. Asafyev. L.: Music, p. 199.
- [12] Zemtsovsky I. Folklore and composer. L.; M.: Soviet composer, 1978. p. 172.
- [13] Matsievsky I. (1993) Traditional instrumental music of the European and Asian nations: Perspectives of the research series and consolidation of instrumentalists // Issues of instrumental studies. Ed. 1. P. 28-35.
- [14] Medushevsky V. (1976) On patterns and means of art impact of music. M.: Music. p. 253.